

all

оқу ісінің орынбасары Н.Ж.Омарбеков

Білім беру ұйымының атауы: №145 «Бірқазан» орта мектебі КММ		
Бөлім:	І бөлім: Қалың елім, қазағым	
Педагогтің Т.А.Ә. (болғанжағдайда)	Сақтағанова Гүлзада Тампышқызы	
Күні:02.10.2023 ж		
Сынып:10	Қатысушылар саны: 5	Қатыспағандар саны:0
Сабақтың тақырыбы	Абайдың он жетінші қарасөзіндегі көтерілген мәселелер	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	10.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану 10.2.4.1 көркем шығармада көтерілген мәселелерге талдау жасау арқылы шығармашылық жұмыс (әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) жазу	
Сабақтың мақсаты (Бағалау критерийі)	Көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолданады; Шығармада көтерілген мәселелерге талдау жасау арқылы шығармашылық жұмыс (әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) жазады.	
Ойлау дағды деңгейлері	Қолдану, талдау	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақ басы 5 м	Ұйымдастыру кезеңі Амандасу. Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу. Үй тапсырмасын сұрау «Сәлемдеме жіберіңіз» әдісі Орындалу шарты: Кішкене қорап бірнеше қабат қағазға/газетке оралады. Оқушылар әуен ойнап жатқанда, оралған зат сынып ішінде беріледі. Музыка тоқтаған кезде, оқушы бір қабатын ашады. Әр қабатқа тақырыпқа қатысты бір сұрақ қойылады, оқушы сұраққа жауап беріп, одан кейін оралған затты әрі қарай береді. Ол ораманы келесі оқушыға берем дегенше әуен ойналады, орама оқушының қолына тиген кезде, әуен тоқтайды. Осылайша заттың орамасы біткенше жалғасады. 1. Абай Құнанбаев қай жылы қай өңірде дүниеге келген? 2. Абайды әкесі Құнанбай Семейдегі <u>Ахмет Риза медресесінен</u> не себепті шығарып алған? 3. Абай Құнанбаев батыс әдебиетінен қандай акындар мен ғалымдардың еңбектерін оқып, зерттеген? 4. Ақынның алғашқы шығарған өлеңдері қалай аталады? 5. Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығын алғаш зерттеген тұлғаларды атаңыз. Топқа біріктіру Ең соңында орамадан кішкене қорап	Амандасады Қорапшаның әр бетін ашып, сұрақтарға жауап береді. Топқа біреді.	Қалыптастырушы бағалау «Жарайсың! Жақсы»	Қорапша сұрақтар жазылған

	шығады. Қораптың ішінде 2 түрлі түстен тұратын 5 стикер бар. Стикердің түсіне қарай оқушылар 2 топқа бөлінеді. Стикерлердің артында топтың аттары жазылған. 1-топ: «Қайрат» тобы 2-топ: «Ақыл» тобы			стикер
Сабак ортасы	Сабақтың тақырыбы мен оқу мақсатын таныстыру, талқылау.			слайд
7 м	Абайдың он жеті қара сөзін аудионұсқадан тыңдаңдар.	Аудионұсқаны тыңдайды.		17 қара сөз ютуб канал
5 м	Тапсырма №1. Топтық жұмыс «Ойлан-жұптас-талқыла» әдісі арқылы төмендегі сауалдарды талқылайды. 1- топ «Қайрат» тобы «Нұрлы ақыл, ыстық қайрат және оларға әмірі жүретін жылы жүрек бір кісіден табылса, онда ол «қасиетті адам» болмақ» деп автор қандай мәселені көтеріп отыр? 2- топ «Ақыл» тобы «Осы үшеуің басыңды қос, бәрін де жүрекке билет, – деп ұқтырып айтушының аты ғылым екен. Осы үшеуің бір кісіден менің айтқанымдай табылсаңдар, табанының тобырағы көзге сұртерлік қасиетті адам – сол. Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жактадым» деген автордың идеясының маңыздылығы неде деп білесіздер? 2- тапсырма Топтық жұмыс « Ақыл, Қайрат, Жүрек – үшеуі неліктен Ғылымға жүгінеді?» тақырыбында кластер толтырыңдар. Сол кластерге қарай отырып, бүгінгі жастар бойындағы қасиеттерге баға беріңдер. Кейбір жастардың бойынша жағымсыз қасиеттердің кездесетіндігін айта отырып, оның шешу жолдарын топ болып іздеңдер. Аталған қиындықтардан шығу жолдары ұсынылған үндеу хат жазыңдар	Топтық жұмыс жасайды. Сұрақтарға жауап береді.	Қалыптастырушы бағалау «Жарайсың! Жақсы»	
18 м	Хат құрылымы Өзіндік пікір Дәлел Өз пікірін айғақтайтын мысал Өз пікіріне қарсы дәлел Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал Қорытынды	«Ақыл, Қайрат, Жүрек – үшеуі неліктен Ғылымға жүгінеді?» тақырыбында кластер құрайды. Сол кластерге қарай отырып, бүгінгі жастар бойындағы қасиеттерге баға береді. Үндеу хат жазады. Оқу сауаттылығы бойынша тапсырманы	Дескриптор: - сұрақ төңірегінде кластер толтырады; - жастар бойындағы қасиеттерге баға береді - дәлел келтіреді; - өз пікіріне қарсы дәлел келтіреді; - жағымсыз қасиеттерді анықтайды; - қарсы дәлелді жоққа шығаратын дәлел ұсынады; - қиындықтан шығу жолын ұсынады; - үндеу хат жазады; - хат құрылымын сақтайды; - қорытынды жасайды. Барлығы – 10 ұпай	Кластер

5 м	Функционалдық сауаттылықты дамытуға арналған тапсырма 1. Үлкеннен ұят сақтап, кішіге рахым қылдыратұғын – мен, бірақ мені таза сақтай алмайды, ақырында қор болады. Сұрақ: Рахым деген не? А) Пайғамбардың аты болуы мүмкін Ә) Әулиенің аты болуы мүмкін Б) Араб тілінен енген сөз, түсініксіз В) Мейірім, шапағат, қайырым 2. -Ей, ақыл! Сенің айтқандарыңның бәрі де рас. Сенсіз ешнәрсе табылмайтуғыны да рас. Жаратқан тәңіріні де сен танытасың, жаралған екі дүниенің жайын да сен білесің. Бірақ сонымен тұрмайсың, амал да, айла да - бәрі сенен шығады. Сұрақ: Абай Құнанбайұлы амал мен айланы неге екі бөлек нәрсе сияқты айтқан? А) Айла деген сөз де, амал деген сөз де бір мағынаны білдіреді. Ә) Айлакер деген сөзбен алып қарағанда, айла амалдан бөлек, бірақ бір сөз ретінде де қолдануға болатын сияқты. Б) Амалын тапты деген сөз бар, ал айласын тапты дегенде сәл басқаша мағына шығады, демек бұл сөздер бір мәнде емес. Амалын тапты- жолын тапты, бұл қолданыста қулық жоқ дегенді білдіреді. Ал айламен жол тапты дегенде, қулық іске қосылған. Екі сөздің айырмасы осылай анықталады. В) Тәсіл деген бір мағынаны білдіреді. Бірақ не үшін жеке айтқанын түсіну қиын. 3. Осы үшеуің басыңды қос, бәрін де жүрекке билет, - деп ұқтырып айтушының аты ғылым екен. Осы үшеуің бір кісінде менің айтқанымдай табылсаңдар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам - сол. Сұрақ: «Табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам- сол» деген сөздің мағынасы қандай? А) Топырақпен көз сүртпейді Ә) Топырақты жалаң аяқ баспайды Б) Жаксы қасиеттерді бойына жинаған адамның әр ісі үлгілі В) Табанының топырағы болмайды, қате ұғым	орындайды. Сұрақтарға жауап береді	Қалыптастырушы бағалау «Жарайсың! Жаксы»	слайд
Сабак соңы 5 м	Рефлексия Кері байланыс: «Ой сүзгі» тәсілі Ұстаным: Шығарманы оқығаннан	Шығарманы оқығаннан кейінгі		«Ой сүзгі» тәсілі

	кейінгі менде қалыптасқан ұстаным... Ұй тапсырмасы: Қарасөздермен толық танысып шығындар. Ақынның қарасөздері қандай тақырыптарды қамтиды екен? Абайдың қарасөздерінің тақырыптық картасын жасап, оны диаграммаға түсіріңдер.	қалыптасқан өз ұстанымын жазады. АКТ құзыреттілігін дамытуға арналған тапсырманы орындайды.		
--	--	---	--	--

Пәні: Қазақ тілі

Күні: 2.10.23 жыл

Сыныбы: 10 сынып

Тақырыбы: Абайдың он жетінші қара сөзіндегі көтерілген мәселелер

Қатысушылар саны: 5

Бақылаушы : Тлеуова Жадыра Едигеевна

Сабақты өзара талдау

	Төмен 1	Орташа 2	Жоғары 3
Жоспарлау (0-1)			
☐ жоспар талаптарға сәйкес құрылды (№ 130 бұйрыққа 7-қосымша)			+
☐ оқу мақсаты пәннің оқу бағдарламасынан алынған сабақ мақсаты/ бағалау критерийлері оқу мақсатына сай			+
☐ оқушылардың бұрынғы білімдерін пайдалануы білім беру мақсатына сәйкес жоспарлануда			+
☐ берілген ақпараттың мазмұны оқу мақсатына сәйкес келеді			+
☐ таңдалған оқыту әдістері оқу мақсатына жетуге бағытталған			+
☐ қалыптастырушы бағалау жоспарланған			+
☐ белсенді оқыту әдістері жоспарланған жоспар сабақтың барлық кезеңдерін қамтиды			+
Оқыту бөлімі (0-1)			
☐ Сабақтың мақсатымен таныстырды			+
☐ оқушылармен бірге бағалау критерийлерін талдайды/сабақтың мақсатын оқушылар түсінеді			+
☐ оқушылар өздерін еркін және жайлы сезінеді			+
☐ Тапсырма бойынша нақты нұсқаулар береді			+
☐ Жеке, жұптық, топтық жұмыс түрлерін ұйымдастырды			
☐ Мұғалім ақпаратты анық жеткізді			+
☐ мұғалім оқушыларды ойландыратын ашық сұрақтар қояды			+
☐ Барлық оқушыларды оқу процесіне тартады			+
☐ ақпаратты қосымша көздерден береді (оқулықтан бөлек)			+
☐ Қажет болған жағдайда оқушыларға сұрақтар қоюға мүмкіндік беріледі.			+
☐ мұғалім оқушылардың сұрақтарына жауап береді			+
☐ мұғалім тапсырманы орындауға кететін уақытты ескереді, бұл оқушылар уақытты алдын ала біледі			+
Мұғалім ажет болған жағдайда жеке оқушыларға қолдау көрсетеді			+
жоспарланған іс-шаралар орындалды (сабақ жоспарға сәйкес өткізілді)			+
☐ Сабақ мақсатына/өзіндік оқуға қол жеткізу деңгейіне катысты оқушылардың рефлексиясын жүргізеді			+
Бағалауы (1-0)			

☐ Мұғалім оқушыларға назар аударады/ сабақтың мақсатын түсінуді бағалайды			+
☐ мұғалім сабақтың оқу мақсатына сәйкес берілген жаңа білімді оқушылардың қаншалықты меңгергендігін бағалайды			+
☐ Оқушыларға бір-біріне кері байланыс беруге мүмкіндік беріледі			+
☐ өзін-өзі бағалау ұйымдастырылады			+
☐ өзара бағалау процесі ұйымдастырылады			+
АКТ(1-0)			
☐ ақпаратты визуализация құралы ретінде пайдаланады			+
☐ оқушылар арасында талқылауды жеңілдету үшін әртүрлі АКТ қолданбаларын пайдаланады			+
☐ интерактивті тапсырмалар Интернет медиа файлдарды (аудио, бейне) пайдаланады			+

Қысқаша мазмұны: Сабақ әдістемелік тұрғыдан жоспарланып, өте сауатты өтті. Сабақтың барлық тапсырмалары мен кезеңдері Блум таксономиясына сәйкес болды, яғни ойлаудың барлық деңгейлері қатыстырылды. Барлық әдістемелер оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып тандалды.

Сабақ жақсы психологиялық жағдайда өтті, балалар белсенділік танытты. Мұғалім сабақта АКТ-ны өте тиімді пайдаланды: студенттер интернет-ресурспен жұмыс істеуге мүмкіндік алды, сондықтан тапсырма зерттеушілік дағдыларын дамытуға бағытталды.

Әр тапсырмадан кейін оқушыларға конструктивті кері байланыс берілді. Мұғалім оқушыларды белсенді оқуға және бірін-бірі бағалауға тарта білді, мұғалімнің дұрыс қойған, ынталандыратын сұрақтарының арқасында оқушылар өз бетімен жұмыс істеді.

Бақылаушы қолы :



Тлеуова Ж.